

Тақырыбы: Қоғамдық-саяси дамудағы алға басулар

Жоспары:

1. ҚР —ғы қоғамдық-саяси қозғалыстар мен саяси партиялар
2. ҚР-ның ақпараттық саясаты, БАҚ-тың дамуы
3. Қазақстандық бірегейлік пен бірліктің іргетасы тұжырымдамасы
4. Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы “Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында”

ҚР –ның саяси партиялар туралы заңы,
15.07.2002 ж.

Мақсаты: Заң саяси партияларды
күрудың құқықтық негіздерін, олардың
құқықтары мен міндеттерін, қызметінің
кепілдіктерін белгілейді, саяси
партиялардың мемлекеттік органдармен
және басқа ұйымдармен қатынастарын
реттейді.

Заң 4 тарау, 22 – баптан тұрады:

1 – тарау. Жалпы ережелер

2-тарау. Саяси партияны құру, қайта ұйымдастыру және тарату

3-тарау. Саяси партияның қызметі

4-тарау. Қорытынды ережелер

ҚР-дағы саяси партиялардың қазіргі жағдайы

- Қазақстанның партиялық жүйесі қазіргі кезде өтпелі кезенді бастан кешіріп отыр және бұл жаңа әлеуметтік топтардың, ең бастысы, бизнес-элитаның белсенділігінің нәтижесі
- Қазақстан Республикасының партиялық жүйесінде сапалық даму үрдісі 90-жылдардың екінші жартысында байқалды, бұл кезде кейбір әлеуметтік топтар өз мүдделерін жариялау және қорғау қажеттілігін сезініп партия атты саяси ұйымдарға бірлесе бастады.

- **«НҰР ОТАН» Халықтық-Демократиялық партиясы**

Төрағасы – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. «Отан» республикалық саяси партиясы 1999 жылдың қаңтарында құрылып, сол жылғы 12 ақпанда Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеуден өтті. «Нұр Отан» партиясының бөлімшелері Қазақстанның барлық облыстарында бар.

- Партия қоғамды одан әрі демократияландыруға бағытталған экономикалық және саяси реформаларды жүзеге асыруға;
- азаматтардың өмір сүру деңгейін көтеруге;
- әлеуметтік әділеттік орнатуға және елімізде тұрақтылықты сақтауға;
- ұлтаралық және конфессияаралық келісімді нығайтуға;
- Қазақстан Республикасының жан-жақты және үйлесімді дамуы үшін азаматтардың отансүйгіштігі мен жауапкершілігін тәрбиелеуге белсенді ықпал етуді басты мақсаттары етіп жариялады.

Партияның басты мақсаты Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қайта өңдеу өнеркәсібін, жоғары технологиялық ғылыми өндірістерді дамыған деңгейге жеткізуге, әлеуметтік мәселелерді (зейнетақы көлемін ұлғайту, ең төменгі жалақы көлемін ұлғайту, мемлекеттік қызметкерлердің жалақысын арттыру) шешуге бағытталған реформалық саясатын ресми түрде қолдау болып табылады

Қазақстан коммунистік партиясы

- Партияның бірінші хатшысы – Серікболсын Әбділдәұлы Әбділдин. Партия 1998 жылғы 27 тамызда тіркелген, 2003 жылғы 20 наурызда қайта тіркеуден өтті.
- Партия республикада ғылыми социализм қағидаларына негізделген еркіндік және әлеуметтік әділетті қоғам құруға жағдай жасауды; коммунистік қоғамдық құрылысты қалыптастыруды өзінің негізгі мақсаты етіп санайды.

Қазақстан коммунистік Халықтық партиясы

- Бірінші хатшысы – Владимир Борисович Косарев.
2004 жылғы 21 маусымда мемлекеттік тіркеуден өтті.
Партияның саяси платформасына сәйкес, ҚКХП-ның қызметі қоғамдық дамудың жаңа жағдайына бейімделген маркстік-лениндік идеологияға негізделген.

Қазақстанның «Ауыл» социал-демократиялық партиясы

- Партия төрағасы – Ғани Әлімұлы Қалиев. Партия 2002 жылғы 1 наурызда тіркелген. 2003 жылғы 2 сәуірде партия қайта тіркеуден өтті.
- Партия мақсаттары: мемлекеттік реттеуді және агросекторды қолдауды күшейту; ауыл еңбеккерлерінің мүдделерін қорғау; қоғамды одан әрі демократияландыруға бағытталған экономикалық және саяси реформаларды жүзеге асыруға белсенді ықпал ету

Қазақстанның патриоттар партиясы

- Партия төрағасы – Ғани Есенкелдіұлы Қасымов. Партия 2000 жылғы 4 тамызда тіркелген, 2003 жылғы 21 наурызда қайта тіркеуден өтті.
- Партия келесі мақсаттарды ұстанады: Қазақстан халқының ұлттық қайта өркендеуін қалыптастыру және жүзеге асыру; нарықтық экономикасы бар құқықтық демократиялық мемлекет, азаматтық қоғам қалыптастыру; қоғамның әлеуметтік белсенді бөлігін мемлекеттік және қоғамдық істерді басқаруға қатыстыру; елдің орнықты дамуын қамтамасыз ету т.б.

Қазақстанның «АҚ ЖОЛ» демократиялық партиясы

- Партия төрағасы - Әлихан Мұхамедұлы Бәйменов.
Партия 2002 жылғы 3 сәуірде тіркелген.
- Партияның мақсаттары: тәуелсіз, гүлденген, демократиялық және еркін Қазақстан. Іргелі құндылықтары: демократия, тәуелсіздік, еркіндік, әділеттік.

«Руханият» партиясы

- Партия төрайымы – Алтыншаш Қайыржанқызы Жағанова. Партия 2003 жылғы 6 қазанда тіркелген.
- Партияның негізгі міндеттері: экономиканы көтеру, әлеуметтік мәселелерді шешу, биік адамгершілікті және рухани бай қоғамды дамыту.

«Әділет» демократиялық партиясы

- Партия төрағасы – Мақсұт Сұлтанұлы Нәрікбаев. 2004 жылғы 14 маусымда тіркелген. Қазақстанда құқықтық демократиялық әлеуметтік мемлекет құруды, тиімді, озық және дамыған экономикалық жүйе құруды, азаматтық қоғам қалыптастыруды партия өзінің басты міндеттері санайды. 2007 жылғы 8 шілдеде өткен «Әділет» демократиялық партиясының 5-ші съезінде Қазақстанның «АҚ ЖОЛ» демократиялық партиясына қосылу жөнінде шешім қабылданды.

Жалпы ұлттық социал-демократиялық партиясы (ЖСДП)

- Партия төрағасы: Жармахан Айтбайұлы Тұяқбай.
Партия 2006 жылғы 10 қыркүйекте құрылған. 2007 жылғы 25 қаңтарда тіркелді. Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы өз алдына демократиялық, құқықтық әлеуметтік мемлекет қалыптастыру, инновациялық экономика құру, жаңа гуманитарлық саясатты жүзеге асыру міндеттерін қояды.

Бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) - арнайы техникалық құралдардың көмегімен, кез келген тұлғаларға әртүрлі мәліметтерді ашық жариялауға арналған әлеуметтік мекемелер. Сарапшылар олардың мынадай ерекше белгілерін атап көрсетеді:

- жариялылық, тұтынушылардың шексіздігі;
- арнайы техникалық құралдардың, аппаратуралардың болуы;
- тұтынушы аудиторияның тұрақсыз әркелкілігі.

Қоғамның өмір сүруін қамтамасыз етудегі БАҚ-тың рөлі зор.

- БАҚ-тың атқаратын қызметінің аса маңыздыларына мыналар жатады: ақпараттық, білімдік, әлеуметтендірушілік, мүдделерді тоғыстырушы, саясат субъектілерінің ықпалдасуы, жұмылдыру және т.б.
- БАҚ-тың ақпараттық қызметі азаматтарға, билік органдарына, қоғамдық институттарға аса маңызды жалпы оқиғалар, құбылыстар, процесстер жайлы мағлұматтарды таратудан тұрады. Бұл қызметсіз кез келген қоғамның толыққанды өмір сүруі мүмкін емес.

Бұқаралық ақпарат құралдары туралы Заңы

- Жарияланған күні: 22 желтоқсан 2008
- Жаңартылған күні: 2 желтоқсан 2014

Бұл Заң бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес олардың бостандығына мемлекеттік кепілдіктерді белгілейді.

Заң 7 тарау, 26 баптан тұрады:

1-тарау. Жалпы ережелер

2-тарау. Бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін ұйымдастыру

3-тарау. Бұқаралық ақпарат құралдарын тарату

4-тарау. Бұқаралық ақпарат құралдарының азаматтармен және ұйымдармен қатынасы

5-тарау. Журналистің құқықтары мен міндеттері

6-тарау. Журналистерді тіркеу

7-тарау. Бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңдарды бұзу үшін жауапкершілік

Қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту және
дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы
Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы
28 желтоқсандағы № 147 Жарлығымен бекітілді

- Қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту және дамыту тұжырымдамасын әзірлеу қажеттілігі «Қазақстан – 2050»: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» [стратегиясының](#) Қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту және дамыту тұжырымдамасын әзірлеу қажеттілігі «Қазақстан – 2050»: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» стратегиясының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «100 нақты қадам: баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет» [Ұлт жоспарының](#) болашағы біртұтас ұлтты қалыптастыру жөніндегі «Бірегейлік пен бірлік» атты төртінші бағытының міндеттерімен негізделген.

Тұжырымдама мынадай басты қағидаттарға
негізделеді:

- 1) негізгі бағыт – ел Президенті Н.Ә.Назарбаев ұсынған «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясы;
- 2) «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясының біріктіруші құндылықтары – азаматтық теңдік, еңбексүйгіштік, адалдық, ғылым мен білімге құрмет, зайырлы ел

- 3) қазақстандық бірегейлік пен бірліктің іргетасы – мәдени, этностық, тілдік және діни әралуандылыққа негізделген жалпыұлттық құндылықтар
- 4) қазақстандық бірегейлік пен бірлік – ұрпақтан ұрпаққа үзілмей жалғасатын процесс. Ортақ тарихымыз, бүгінгі тіршілігіміз, болашаққа деген ортақ жауапкершілігіміз қоғамды біртұтастыққа бастайды: «Біздің бір ғана атамекеніміз, бір ғана Отанымыз бар – ол Тәуелсіз Қазақстан». Бұл таңдаудың мәнін ұғыну – бірігудің басты негізі.

Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы
“Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси
жедел жаңару жолында” 16.02.2005 ж.

- Біз тарихымызда тұңғыш рет Шығыс Азия мемлекеттерінің тәжірибесін және өзіміздің көпұлтты әрі көп дінді қоғамымыздың ерекшелігін ескеріп, Батыс демократиясының қағидаттарына сай келетін тәуелсіз мемлекетімізді орнаттық.
- Орталық Азияның көшбасшысына, халықаралық құрметті әріптеске, халықаралық лаңкестікке, есірткінің жайылуы мен ядролық қарудың таралуына қарсы белсене күресетін мемлекетке айналдырдық.

Негізгі басымдықтары:

- Біз неден бастадық
- Біз жалпы ішкі өнімді екі есе ұлғайтып, бірлесіп тағы да бір Қазақстан орнататындай межеге жақындадық
- Қазақстанның жеделдетілген экономикалық және әлеуметтік прогресі
- Қазақстанды демократияландырудың жаңа кезеңі